

Әкімдіктің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қостанай облысы әкімдігінің 2016 жылғы 23 қыркүйектегі № 442 қаулысы

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қостанай облысы әкімдігінің мынадай қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 322 "Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит беру негізгі талаптарын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3694 болып тіркелген, 2009 жылғы 13 қазанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2010 жылғы 7 шілдедегі № 250 "Әкімдіктің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 322 "Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит беру негізгі талаптарын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3731 болып тіркелген, 2010 жылғы 17 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2015 жылғы 18 тамыздағы № 356 "Әкімдіктің 2009 жылғы 3 қыркүйектегі № 322 "Шағын және орта бизнесті қаржыландыру және ауыл тұрғындарына шағын кредит беру үшін "КазАгро" Ұлттық басқару холдингі" акционерлік қоғамының еншілес ұйымдарына кредит беру" бағдарламасы бойынша бюджеттік кредит беру негізгі талаптарын белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5875 болып тіркелген, 2015 жылғы 13 қазанда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған);

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

А. Мұхамбетов